

**6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы»
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға
Гульжайнар Кусаиновна Долдашеваның «Ақмола облысы жағдайында
жас қой етін өндіру технологиясын жетілдіру» тақырыбындағы
докторлық диссертациясына
Ресми рецензенттің пікірі**

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) <u>диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған</u> (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Орындалған диссертациялық жұмыс ҚР «Қазақстан-2030» стратегиясындағы мал шаруашылығының, оның ішінде қой шаруашылығының дамытуға қойылған мақсаттарымен сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс №267 «Білім мен ғылыми зерттеулердің қолжетімділігін арттыру» сонымен қатар бюджеттік бағдарламасы аясында «Мал шаруашылығы салалары бойынша қарқынды технологияларды әзірлеу» (№BR06249209) ғылыми-техникалық бағдарламасының «Ақмола облысының қой шаруашылығы саласында тиімді технологияларды әзірлеу» тақырыбы бойынша орындалған, сонымен қатар BR22885692 «Өнімділіктің әртүрлі бағытындағы қойлардың генетикалық ресурстарын жетілдіру, сақтау және</p>

			<p>ұтымды пайдаланудың заманауи селекциялық-технологиялық және молекулярлық-генетикалық әдістерін әзірлеу» бағдарлама (жоба) аясында жалғастырылуда. Демек, орындалған ғылыми-зерттеу жұмыстың өзектілігі жоғалған жоқ, керісінше жоғарылауда.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Жұмыстың ғылым үшін маңыздылығы оның жас қой етін өндіру технологияларын жетілдіруге бағытталуында. Атап айтқанда, шаруашылықтарда өсірілетін таза тұқымды және будан жас қойлардың өнімділік көрсеткіштерін анықтап, ет өнімділігін жетілдіру бағытында зерттеулер жүргізілгенінде. Зерттеулердің нәтижесі бойынша қазақтың қылшық жүнді құйрықты қойларының ет өнімділігін өндіруді жетілдіру мүмкіндігі дәлелденген. Таза тұқымды және будан еркек тоқтыларды семірту технологиялары арқылы қой етін өндіру маңызды екені дәлелденіп маңыздылығы ашылған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмысты жазу деңгейі жоғары деп есептеймін. Докторант ғылыми-ізденіс жұмыстарды орындау кезінде, әдебиеттермен, қажетті</p>

			әдістемелермен және алынған мәліметтерді бір бірімен сауатты байланыстырған. Ғылыми-жұмыстарын орындаған кезде өзінің ғалым ретінде қалыптасқанын көрсете білді.
4.	Ішкі принципі бірлік	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Орындалған диссертациялық жұмыстың өзектілігі негізделген. Жұмыстың кіріспесі мен нәтижесінде осыған байланысты республикада өсірілетін қойлардың өнімділік және асыл тұқымдық сапасын жетілдіру, қой шаруашылығы өнімдерін өндірудің заманауи технологияларын, жүйелері мен әдістерін әзірлеу және енгізу ерекше сұранысқа ие болып келетіні негізделген. Жайылымдарға жақсы бейімделуінің арқасында етті-майлы бағыттағы қой тұқымдары арзан әрі жоғары сапалы ет өндіретін мал болып табылады. Сондықтан қой шаруашылығындағы экономикалық тиімділік етке өткізетін қойлардың саны мен сапасына негізделгені дәлелденген. Жалпы, диссертациялық жұмысты орындау барысында оның ішкі бірлігі сақталғаны нақты байқалады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын	Орындалған диссертацияның мазмұны

	<p>айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды. 	<p>оның тақырыбын толық айқындайды. Кіріспеден бастап, әдебиетке шолу; жұмыстың төрт бөлімі, экономикалық тиімділігі, қорытындылар мен пайдаланылған 225 әдебиет тізімі 127 бетте көрсетілген.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді. 	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Жұмыстың мақсаты мен міндеттері Ақмола облысы жағдайында жас қой етін өндіру бағытында таза тұқымды қазақтың қылшық жүнді құйрықты қойларының еркек тоқтыларын жайып семірту, бордақылау және таза тұқымды қазақтың қылшық жүнді құйрықты қойлары мен олардың будандарынан жас қой етін өндіру технологияларын жетілдіру болып табылады.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ. 	<p>Орындалған диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық толық байланысқан.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара 	<p>Қазақтың қылшық жүнді құйрықты қой тұқымын өсірумен айналысатын Ақмола облысының шаруа қожалықтарында майсыз қозы мен жас қой етін өндіруді ұлғайту мақсатында бір жасқа</p>

		<p>жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>дейінгі тоқтыларды мақсатты өсіруді, азықтандыруды және жайып семірту мен бордақылауды ұйымдастыруды, сондай-ақ аталған тұқымның саулықтарына отандық етті тұқымдардың тұқымдық қошқарларын пайдалануды ұсынады. Автордың ұсынған жаңа шешімдері дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланып беріліп отыр, айта кетсек, жеткілікті деңгейде сыни талдауы бар.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен ғылыми ережелері толығымен жаңа. Айта кетсек, алғаш рет Ақмола облысы жағдайында әртүрлі жастағы таза тұқымды қазақтың қылшық жүнді құйрықты қойлары және гемпшир қой тұқымымен будандастыру нәтижесінде алынған будандарынан жас қой етін өндірудің технологияларын зерттеу, жасау жұмыстары орындалған.</p> <p>Орындалған диссертациялық жұмысының қорытындылары толығымен жаңа. Орындалған жұмыс әрқашанда экономикалық жағынан тиімді болу қажет. Өнімділік - шаруашылық қызметінің</p>

			<p>маңызды көрсеткіші. Ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикалық тиімділігінің жалпы көрсеткіші кіріс және таза пайда болып табылады. Қазіргі жағдайда ауылшаруашылығы кәсіпорындары өзгеріп отыратын экономикалық және технологиялық жағдайларға баяу бейімделеді және салынған қаражаттың басқа салаларымен салыстырғанда қайтарымы төмендеу. Дегенмен, өндірілген өнімнің рентабельдік деңгейі - шаруашылықтың табысын, кірістік деңгейін сипаттайды, яғни "Табыс" шаруашылығында өсірілетін қазақтың қылшық жүнді құйрықты қойларынан өндірілетін қой еті 4 және 6 айлық еркек тоқтылардан экономикалық тиімділік немесе рентабельділік береді, сәйкесінше 4 айлық еркек тоқтылар 137,0%, ал 6 айлық еркек тоқтылар 178,3%. Сондықтан шаруашылықта еркек тоқтыларға енесінен айырған мерзімде (4 ай) немесе жайып семірткеннен кейін (6 ай) союдың тиімді екенін жұмыстың авторы көрсетіп отыр.</p>
	5.3	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе

		<p>басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>басқару шешімдері негізделген және толығымен жаңа.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың материалдары С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы» кафедрасының кеңейтілген отырысында, сонымен қатар "Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы" факультетінің Ғылыми-техникалық кеңесінің отырысында (2018-2020) баяндалған және талқыланған.</p> <p>Ғылыми-ізденіс жұмысының зерттеу нәтижелері және диссертацияның негізгі қағидалары С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің қабырғасында өтетін «Сейфуллин окулары» республикалық ғылыми-практикалық және ғылыми-теориялық конференцияларында (3 тезис) (Астана (Нұр-Сұлтан), 2017, 2020), РФ академигі А.И. Ерохинның 90 жасқа толуына арналған «Селекционные и технологические аспекты интенсификации производства продукции</p>
--	--	--	--

			<p>овец и коз» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында (Москва, 2019), «Инновационные подходы в современной науке» атты LXVII халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында (2-мақала, Москва, 2019) және «Қазіргі жастардың ғылыми әлеуеті» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларында (Қосымша А) Нұр-Сұлтан, 2020) «Инновациялар-ауыл шаруашылығына» Павлодар мемлекеттік университетінің агротехнологиялық факультетінің 10 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында (Павлодар, 2020) баяндалды. Сонымен қатар ҚР ҒжЖБМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған баспа тізіміне кіретін журналдарда 3 мақала және РФ БҒМ Жоғары аттестациялық комиссиясы ұсынған журналда 2 мақала, "Ғылым және аграрлық өндіріс" атты Ғылыми-сараптамалық журналда 1 мақала, Scopus деректер қорына енетін журналда 1 мақала жарияланған.</p>
6.	Негізгі қорытындыларды	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми	Диссертациялық жұмыста көрсетілген барлық

	ң негізділігі	тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерде негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p>	<p>7.1 «Ақмола облысы жағдайында жас қой етін өндіру технологиясын жетілдіру» атты диссертациялық жұмыста қорғауға шығарылған негізгі ережелер дәлелденген.</p> <p>7.2 Ереженің тривиалдылығы жоқ.</p> <p>7.3 Қорғауға шығарылған негізгі ережелер жаңа.</p> <p>7.4 Қорғауға шығарылған негізгі ережелердің қолдану деңгейі кең</p> <p>7.5 Қорғауға шығарылған негізгі ережелер мақалаларда дәлелденген</p>

		2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыста әдіснама нақты жазылған: 1) Диссертациялық жұмыста әдіснама таңдау нақты негізделген және жазылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Докторант диссертация жұмысын орындаған кезде оның барлық нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдаланған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер <u>нақты және сенімді ғылыми</u>	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми 225 әдебиеттерге

		<u>әдебиеттерге сілтемелермен расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.	сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі <u>әдеби шолуға жеткілікті</u> /жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға толығымен жеткілікті.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық маңызы бар.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелердің практикалық ұсынысы толығымен жаңа.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу және ресімдеу сапасы жоғары.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияның құндылығы мен сапасына әсер ететіндей кемшіліктер байқалмады.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар		Докторанттың диссертация тақырыбы бойынша әртүрлі баспаларда жарияланған мақалалардың ғылыми деңгейі жоғары және диссертация мазмұнына

	сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		сәйкес.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28- тармағына сәйкес)		Г.К. Долдашеваның «Ақмола облысы жағдайында жас қой етін өндіру технологиясын жетілдіру» тақырыбы бойынша докторлық диссертациясы Ғылым және жоғары білім министрлігі комитетінің философия (PhD) докторлық жұмысын орындау ережелерінің талаптарына сәйкес орындалған, сондықтан оны Диссертациялық Кеңесте қорғауға ұсынамын.

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан

аграрлық-техникалық университеті» КөАҚ

эксперт-аналитик, а.ш.ғ.д., профессор



Б.Б. Траисов

19.05.2025 ж.

